

Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 7 мамыр N 190-II.

Минскіде 1999 жылғы 4 маусымда жасалған Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісім бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Ресми куәландырылған мәтін

Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы Келісім

Ресми куәландырылған мәтін

(2001 жылғы 5 маусымда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2003 ж., № 5, 44-құжат)

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер үкіметтері атынан, бұдан әрі -

Тараптар,

1993 жылғы 22 қаңтардағы Мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімді және 1993 жылғы 12 наурыздағы Өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі шаралар мен Өнеркәсіп меншігін қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңес құру туралы келісімдерді негізге ала отырып,

бұрынғы КСР Одағында жасалған құпия өнертабыстарды құқықтық қорғау қажеттілігін негізге ала отырып,

Тараптардың мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі олардың өзара мүдделерін ескере келіп,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер:

құпия өнертабыстар - Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес мемлекеттік құпиялар (мемлекетаралық құпиялар) құрайтын мәліметтері бар өнертабыстар;

құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру - құпия өнертабыстарға қатысы бар құжаттардан құпия грифін алып тастау рәсімі;

құпия өнертабысқа арналған қорғау құжаты - Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес құпия өнертабысты құқықтық қорғаумен қамтамасыз

ететін құжат;

өтініш берушілер - құпия өнертабысқа авторлық куәлік немесе КСРО патентін алуға өтініштер беруші Тараптардың аумақтарында тұратын немесе сонда жүрген авторлар, сондай-ақ кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар; мүдделі Тарап - аумағында өтініш берушілер жүрген Тарап; құзыретті органдар - Осы Келісімді орындау үшін Тараптар айқындаған мемлекеттік органдар дегенді білдіреді.

2-бап

1993 жылғы 22 қаңтардағы Мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге сәйкес Тараптар құпия өнертабыстар туралы өздерінде бар мәліметтерге қатысты құпиялық режимін қамтамасыз етеді.

3-бап

Тараптар КСРО-ның авторлық куәліктері берілген немесе оларды беруге өтініштер берілген құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру кезінде осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын КСРО авторлық куәліктері берілген немесе КСРО авторлық куәліктері немесе патенттерін беруге өтініштер берілген құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру ережелерін (1-қосымша) басшылыққа алуға міндеттенеді.

Тараптардың құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру қажеттігі туралы ұсыныстарын қарау және олар бойынша көрсетілген ережелерде көзделген шешімдерді қабылдау үшін Тараптар Уақытша жұмыс тобын (бұдан әрі - УЖТ) құрады, оның ұйымдық-техникалық жабдықталуы Ресей патент және тауар таңбалары жөніндегі агенттігіне (бұдан әрі - Роспатент) жүктеледі.

4-бап

Тараптар іс жүргізілуі КСРО-да аяқталмаған және олар жөніндегі құпия өнертабысқа арналған қорғау құжатының қолдану мерзімі өтпеген құпия өнертабыстарға КСРО авторлық куәлігін немесе патентін беруге өтініштер бойынша құпия өнертабыстарға арналған қорғау құжаттарын беру туралы өтініш берушілердің құқықтарын егер ұлттық заңнамаларда өзгеше қарастырылмаса, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Іс жүргізілуі КСРО-да аяқталмаған құпия өнертабыстарға КСРО авторлық куәлігін немесе патентін беруге өтініштер бойынша құпия өнертабыстарға арналған қорғау құжаттарын беру туралы өтініш беру ережелерінде (2-қосымша) көзделген тәртіппен таниды.

5-бап

Құпия өнертабысқа КСРО авторлық куәлігінің қолданыста болуы Тараптардың қайсысының аумағында болса да ұлттық заңнамаларда белгіленген тәртіппен берілген өтініш берушілердің өтініші бойынша тоқтатылуы мүмкін, мұнымен бірге егер ұлттық заңнамаларда өзгеше қарастырылмаса, авторлық куәліктің қалған қолданыста болу мерзіміне құпия өнертабысқа арналған қорғау құжатын беру бір уақытта жүргізіледі.

6-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың құзыретті органдары арасындағы консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімдерімен жекелеген хаттамалар түрінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 10-бабында қарастырылған тәртіппен күшіне енеді.

8-бап

Әрбір Тарап шығуға дейін 6 айдан кешіктірмей бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады.

9-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 5 жыл бойына қолданыста болады. Бұл мерзім өткеннен соң осы Келісім, егер Тараптар өзгеше шешім қабылдамаса, келесі 5 жылдық мерзімге өздігінен ұзартылады.

10-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандары туралы үшінші хабарламаны депозитарийге сақтауға берген күнінен бастап күшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін бұл депозитарийге тиісті құжаттарды өткізген күнінен бастап күшіне енеді.

11-бап

Осы Келісім оған қосылу үшін осындай қосылу туралы құжаттарын депозитарийге тапсыру арқылы оның мақсаттары мен қағидаттарын танитын ТМД-ға мүше мемлекеттер үшін ашық.

Минск қаласында 1999 жылғы 4 маусымда орыс тілінде бір түпнұсқа

данада жасалды. Түпнұсқа дана оның куәландырылған көшірмесін осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзербайжан Республикасының Молдова Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Армения Республикасының Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Грузия Түркіменстан

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Украина

Үкіметі үшін Үкіметі үшін (ескертпемен)

Өнертабыстарды құқықтық қорғау
саласындағы мемлекетаралық
құпиялардың сақталуын өзара
камтамасыз ету туралы келісімге
1-қосымша

КСРО авторлық куәліктері берілген немесе КСРО авторлық куәліктері немесе патенттерін беруге өтініштер берілген құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру ЕРЕЖЕСІ

1. Бұл Ереже КСРО патент заңнамаларына сәйкес КСРО авторлық куәліктері берілген немесе КСРО авторлық куәліктері немесе патенттерін беруге өтініштер берілген құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру тәртібін қарастырады.

2. КСРО авторлық куәліктері берілген құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру мүмкіндігін қарау кез келген Тараптың бастамасымен жүзеге асырылатын болуы мүмкін.

3. Құпия өнертабысты құпиясыздандырудың қажеттілігі туралы шешімді мүдделі Тарап өзінің мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтерді құпиясыздандыруды реттейтін ұлттық заңнамаларында көзделген тәртіппен қабылдайды.

4. Құпия өнертабысты құпиясыздандырудың қажеттілігі туралы ұсынысты мүдделі Тарап Тараптардың әрқайсысы қорытынды жасауы үшін УЖТ-ға жібереді.

Құпиясыздандыру туралы ұсыныс дәлелді, онда берілген авторлық куәлік пен өтініш нөмірі, автордың (авторлардың) аты-жөні, (аты-жөндері) оның (олардың) өтініш берген күндегі мекен-жайы, өтініш беруші ұйымның атауы оның тұрған орны және өнертабыс формуласы болуға тиіс.

5. УЖТ құпия өнертабысты құпиясыздандыру туралы ұсынысты Тараптардың әрқайсысының құзыретті органының мекен-жайына жібереді.

Құпия өнертабысты құпиясыздандыру туралы ұсынысқа қорытындыны әрбір Тарап осы ұсыныс УЖТ-ға жіберілген күнінен бастап төрт ай ішінде УЖТ-ға жібереді. Қажет болған жағдайларда Тарап ұсынысты кешірек мерзімде, бірақ көрсетілген төрт айлық мерзім өткен күнінен бастап екі айдан кешіктірмей жіберуі мүмкін. Мұндай жағдайда Тарап көрсетілген төрт ай ішінде қорытындының кешірек жіберілетіндігін УЖТ-ға хабарлауға тиіс.

Егер Тарап қорытындыны көрсетілген төрт ай немесе жоғарыда көрсетілгендей алдын ала хабарлаумен алты ай мерзімде жібермесе, бұл Тарап мәліметтерді құпиясыздандыру туралы ұсыныспен келісті деп танылады.

6. УЖТ құпиясыздандыру туралы ұсынысты мүдделі Тараптардың пікірлерін ескере отырып қарайды және құпия өнертабысты құпиясыздандыру мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

Қабылданған шешім туралы УЖТ Тараптардың әрқайсысына соңғы қорытынды түскен күнінен бастап бір ай ішінде әрбір Тарапқа алынған барлық қорытындылардың көшірмесін жіберу арқылы хабарлайды.

Құпия өнертабысты құпиясыздандыру туралы шешім Тараптардың әрқайсысы осы өнертабысты құпиясыздандыру мүмкіндігін растаған жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі. Мұндай жағдайда мүдделі Тарап құпия өнертабысты құпиясыздандыру жөніндегі жұмысты ұлттық заңнамаларда көзделген тәртіппен ұйымдастырады және осы өнертабысты құпиясыздандыру нәтижелері туралы бір айлық мерзімде УЖТ-ға хабарлайды.

Құпия өнертабысты құпиясыздандырумен келіспеген жағдайда құпия өнертабысты құпиясыздандырудың мүмкін еместігіне Тараптың нақты дәлелдері бар қорытындысы болуы керек. Туындаған келіспеушіліктер мүдделі Тараптардың құзыретті органдарымен шешіледі.

7. Құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру туралы шешім қабылданған жағдайда ол жөніндегі мәліметтерді жариялауды немесе үшінші елдерге беруді тек мүдделі Тараптар ғана жүргізеді.

8. Өтініштер берілгенмен, бірақ оларға КСРО авторлық куәліктері немесе патенттері берілмеген құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру осы Ереженің 3, 4, 5 және 6-тармақтарында қарастырылған тәртіппен мүдделі Тараптардың кез келгенінің бастамасымен жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндайда көрсетілген өнертабыстарды құпиясыздандыру келісімі тек осы Тараптар арасында ғана жүзеге асырылады, ол үшін УЖТ құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру туралы ұсынысты аумағында өтініш берілген Ресей Федерациясының құзыретті органдарына және мүдделі Тарапқа (Тараптарға) жібереді. Мұндай жағдайларда құпия өнертабысты құпиясыздандыру қажеттігі туралы ұсыныста осы Ереженің 4-тармағында қарастырылған мәліметтермен қатар авторлық куәлік және сол арқылы берілген өтініш нөмірлерінің орнына өтініш нөмірі көрсетіледі.

9. КСРО министрліктері және ведомстволары шешімдері негізінде КСРО авторлық куәліктері берілген және ол туралы мәліметтер КСРО-ның арнаулы салалық және салааралық басылымдарында таралған "Аса құпия" грифті құпия өнертабыстар туралы мәліметтерді құпиясыздандыру осы Ереженің 2, 3, 4, 5 және 6-тармақтарында қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

10. КСРО министрліктері және ведомстволары шешімдері негізінде КСРО авторлық куәліктері берілген және ол туралы мәліметтер КСРО-ның арнаулы салалық және салааралық басылымдарында таралмаған "Аса құпия" грифті құпия өнертабыстар туралы мәліметтерді құпиясыздандыру осы Ереженің 8-тармағында қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

Өнертабыстарды құқықтық қорғау
саласындағы мемлекетаралық
құпиялардың сақталуын өзара
қамтамасыз ету туралы келісімге
2-қосымша

КСРО-да іс жүргізілуі аяқталмаған құпия өнертабыстарға КСРО авторлық куәлігін немесе патентін беруге өтініштер бойынша құпия өнертабыстарға арналған қорғау құжаттарын беру туралы өтініш беру ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже КСРО-да іс жүргізілуі аяқталмаған құпия өнертабыстарға КСРО авторлық куәлігін немесе патентін беруге өтініштер бойынша ұлттық заңнамаларда қарастырылған құпия өнертабыстарға арналған қорғау құжаттарын беру туралы өтініш беру тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереженің 1-тармағында көрсетілген өтініштер бойынша Тараптардың авторлармен бірлескен өтініш берушілердің өтініштері бойынша құпия өнертабысқа КСРО-ға бұрындары берілген өтініштің басымдығын сақтай отырып, заңнамалармен қарастырылған қорғау құжаттары берілуі мүмкін.

3. Өтініш қорғау құжатын беру сұралған аумақтағы Тараптың құзыретті органына беріледі. Іс жүргізу Тараптардың заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

Өтінішке Тараптардың жеке және/немесе заңды тұлғаларының басқа Тараптың аумағында құпия өнертабысқа құқықтық қорғау алуға рұқсаты туралы құжат қоса тіркеледі.

Өтініш берілген Тараптың құзыретті органының сұрауы бойынша Роспатент осы құзыретті органға құпия өнертабысқа КСРО авторлық куәлігі немесе патентін беруге өтініштер материалдарының куәландырылған көшірмесін ұсынады.

Егер өтініш берушілер арасында бірлесе өтініш беру жөнінде келісімге қол жетпеген жағдайда, қорғау құжатын беру жүргізілмейді.

ТМД-ға мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшылары кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі III-10 тармақ бойынша Украинаның ескертпесі

"Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісім туралы"
1999 жылғы 4 маусым

Украина үшін Келісім мынадай толықтырулармен қолданыста болады:

4-бап - редакцияланған абзацпен:

"Әрбір Тарап Роспатенттен құпия өнертабысқа КСРО авторлық куәлігін немесе патентін беруге өтініштер материалдарын өнертабыс авторы (авторлары) өз аумағында өтініш берген ұйым арқылы қайтарып алуға құқылы. Мұндай жағдайда Роспатент өтініш беруші Тарапқа төрт ай ішінде материалдарды салып жібереді."

1-қосымшаның 6-тармағын - редакцияланған абзацпен:

"Егер құпия өнертабысқа КСРО авторлық куәлігі немесе патентін беруге өтініштер материалдарының құпиялығы дәрежесін төмендету немесе құпиясыздандыру туралы шешімді Ресей патент және тауар таңбалары жөніндегі агенттігінен осы материалдарды қайта шақыртып отырған Тарап қабылдаған жағдайда, бұл Тарап үш айлық мерзім ішінде өз шешімі туралы уақытша жұмыс

тобына хабарлайды. Құпия өнертабысқа КСРО авторлық куәлігі немесе патентіне өтініштер материалдарын өтініш беруші Тараптың құпиясыздандыруы туралы уақытша жұмыс тобы осы өнертабыстар туралы мәліметтері бар мүдделі Тараптарға хабарлайды."

Украина делегациясының басшысы,

Украинаның Премьер-Министрі

Осымен, қоса тіркеліп отырған мәтіннің Минскіде 1993 жылғы 22

қаңтарда қол қойылған Мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара

қамтамасыз ету туралы келісімнің түпнұсқалық көшірмесі екенін

куәландырамын, оның түпнұсқа данасы Беларусь Республикасы Үкіметінің

Мұрағатында сақталады.

Беларусь Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

Шарт-құқық бөлімінің бастығы

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.